

21.02.2018 ж.

№ 13, 1 –т.

**Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағындағы 2017 жылғы кәсіподақ мүшелігі және кәсіподақ органдары туралы статистикалық есептің қорытындысы туралы**

Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағындағы 2017 жылғы кәсіподақ мүшелігі және кәсіподақ органдары туралы статистикалық есептің негізгі көрсеткіштері туралы ақпарат және осы мәселе бойынша түсінік хат мәліметке алынсын (тіркеледі).

2. Салалық кәсіподақтың мүшелік ұйымдары басшыларының назарын кәсіподақ мүшелігіне ынталандыру жөніндегі мақсатты бағытталған және тұрақты жұмысты жүргізу қажеттілігіне аударып, білім беру ұйымдарының, мектептер мен оқу орындарының жалдамалы қызметкерлерін кәсіподақ мүшелігімен қамту жөніндегі жұмыс күшейтілсін.

3. Салалық кәсіподақтың облыстық, аумақтық ұйымдарына бекітілген нысандармен және мерзімдермен сапалы және сенімді есептілікті қамтамасыз ету, кәсіподақ ұйымдарындағы статистикалық есеп пен есептіліктің жағдайын жүйелі тексеру және оларға осы жұмыста тәжірибелік көмек көрсету ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрайымының орынбасары А.М.Мұқашеваға жүктелсін.

**Төрайым**

**М.Т.Амантаева**